

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» МКҚК – ның тарихы

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы Ойыл селосында, Амангелді көшесінде орналасқан. Мектепке дейінгі ұйымның іргетасы 1980 жылдары қаланып, қазіргі таңда 45 жылдан астам тарихы бар аудан көлеміндегі ірі әрі үлгілі балабақшалардың бірі болып табылады.

Балабақша ауылдағы мектеп жасына дейінгі балалардың шамамен 70%-ын мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтиды. Ұйымның жобалық сыйымдылығы – 140 бала. Қазіргі уақытта 6 топ жұмыс істейді. Сонымен қатар, мекемеде музыкалық зал, асхана және медициналық бөлмелер қарастырылған.

Балабақшаны әр жылдары тәжірибелі педагогтар басқарған. Алғашқы басшылардың бірі – ардагер ұстаз **Нұршина Күләш Мәкуқызы**. К.Нұршина зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін мекемені басқарды.

Кейін қайта құру кезеңінде балабақша уақытша жабылып, біраз жылдан соң 01.01.2000 – 10.05.2006 жылдары **Тоқпанова Зульфия Амангелдіқызы** меңгеруші қызметін атқарды.

2007–2014 жылдар аралығында мекемені Мырзағалиева Ажар басқарды. 2014-2022 жылдары балабақшаны **Сейталипа Мейрамгүл Қайырбекқызы** басқарды.

2022 жылдың 4 қазанынан **балабақшаны Бисебаева Асел Каржауовна** басқарып келеді.

Балабақша заманауи талаптарға сәйкес жабдықталған. Топ бөлмелері сапалы балалар жиһаздарымен және дамытушы ойын құралдарымен қамтамасыз етілген. Бұл балаларды оқыту, тәрбиелеу және жан-жақты дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Балабақша ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары 204 жылы жүргізілді. Ғимараттың сырты қапталып, ауласына тротуар төселген және 2018 жылдан көгілдір отынмен (газбен) жылытылады.

Мекеме аумағын абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалықты сақтау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіледі. Бұл жұмыстарға ата-аналар да белсенді қатысады. Балабақша ауласындағы ағаштар әктеліп, аумақ толық тазартылған.

Балабақша әр жылдары бірқатар жетістіктерге қол жеткізген:

«Үздік балабақша-2010» номинациясы аудан әкімінің гранты;

«Ең үздік ұжым-2017» номинациясы аудандық мәдениет үйі кубогы;

«Үздік балабақша-2018» номинациясы Аудандық білім бөлімі;

«Үздік балабақша-2024» номинациясы Аудандық білім бөлімі;

«Жыл үздігі-2025» «Мектепке дейінгі тәрбие көшбасшысы» номинациясы атағымен меңгеруші Бисебаева Асел Каржауовна. Аудандық білім бөлімі.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне қарасты «Балаларды ерте дамыту институты» ұйымдастырған «Өнеріміз саған – Қазақстан» республикалық фестивалінде тәрбиеленуші А.Темірланұлы **I орын дипломымен** марапатталды. Жетекшісі – Б.Н.Мағзимов 2024 жыл.

«Мен зерттеушімін» республикалық байқауында тәрбиеленуші Е.Алтай **III орын** иеленді. Жетекшісі – С.Баймуханова. 2024 жыл

Республикалық «Балапан» бағдарламасы аясында өткен «IBFRS» зияткерлік ойындарына қатысып, тәрбиеленуші А.Темірлан дипломмен марапатталды. Жетекшісі тәрбиешісі – Г.Жолбаева.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Үздік жыл психологы» республикалық конкурсында **Калиева Айсауле Максотовна** жоғары жетістіктері үшін грамотамен марапатталды.

Балабақшада қазіргі заман талаптарына сай балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Ұжым қызметкерлері мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру бағытында тұрақты түрде ізденіп, кәсіби қызметін жетілдіруде.

Мекеме қызметі балаларға сапалы білім мен тәрбие беру арқылы олардың тұлғалық дамуына және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.



Сол жақтан меңгеруші **Нұршина Күләш Мәкуқызы**, ортада **Токпанова Зульфия** – тәрбиеші, оң жақта көмекші тәрбиеші – **Батанова Сәуле**, 1997 жыл.



Балабақша ертенгілігі, 1989 жыл.



Балабақша педагогтары мен қызметкерлері, 2001 жыл.



Ертенгілік, 2002 жыл.



Конкурс «Үздік тәрбиеші – 2010»



Балабақшадағы облыстық семинар, 2011 жыл.